

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермеледі қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 25 мамырдағы № 127-нұ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 26 наурызда № 22395 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлігінің орынбасары - Ұлттық экономика министрлігінің 2025 жылғы 18 шілдедегі № 68 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрлігінің орынбасары - Ұлттық экономика министрлігінің 18.07.2025 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермеледі қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 25 мамырдағы № 127-нұ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13829 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 7 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермеледі қолдану Қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Адами ресурстармен жұмыс департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

A. Иргалиев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
2021 жылғы 25 наурыздағы  
№ 27 Бұйрыққа  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
2016 жылғы 25 мамырдағы  
№ 127-нк бұйрығымен  
бекітілді

## Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермелегеуді қолдану қағидалары

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Мемлекеттік қызметшілерді көтермелегеуді қолдану қағидалары "Мемлекеттік қызмет туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 35-бабының 2-тармағына сәйкес өзірленді және Министрліктің мемлекеттік қызметшілерін көтермелегеуді қолдану тәртібін айқындайды.

### 2- бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермелегеуді қолдану тәртібі

#### 1-параграф. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік қызметшілерін көтермелегеу тәртібі

2. Заңның 35-бабының 1-тармағына сәйкес Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлеріне лауазымдық міндеттерін ұлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша мынадай көтермелегеулер қолданылуы мүмкін:

- 1) мемлекеттік наградалар;
- 2) біржолғы ақшалай сыйақы беру;
- 3) Министрдің алғыс хаты;
- 4) бағалы сыйлықпен марапаттау;

- 5) Министрліктің құрмет грамотасы;
- 6) ведомстволық награда.

## **2-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсыну тәртібі**

3. Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасы алдындағы сінірген еңбегін тану белгісі ретінде мемлекеттік наградаларға ұсынылады.

4. Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін марапаттау туралы ұсынымдарға жетекшілік ететін бірінші вице-министр, вице-министр, аппарат басшысы немесе Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, оның ведомствосы мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары бастамашылық жасайды.

5. Марапаттауға ұсыну үшін Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, оның ведомствосы мен ведомстволық бағынысты ұйымдардының басшылары ілеспе хатпен (қолдаухатпен) Персоналды басқару қызметіне қазақ және орыс тілдерінде мынадай құжаттарды:

1) ұміткердің нақты сінірген еңбектері, жетістіктері мен табыстары, сінірген еңбегінің дәрежесі көрсетілген ұсынымды;

2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік награданың нақты түрін көрсете отырып, марапаттау парагын ұсынады.

Марапаттау парагында ұміткерді сипаттайтын деректер, оның жұмысының нәтижелері мен сапасы туралы, экономика саласындағы еңбек жетістіктері туралы, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар әзірлеуге қатысқаны туралы мәліметтер, жалпы жұмыс өтілі, экономика саласындағы жұмыс өтілі көрсетіледі .

Марапаттау парагына Министрліктің жетекшілік ететін бірінші вице-министрі, вице-министрі, аппарат басшысы немесе құрылымдық бөлімшесінің, оның ведомствосы мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшысы қолбелгі қояды.

6. Министр оң шешім шығарғаннан кейін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсыну үшін қажетті құжаттарды (ұсынымдар, марапаттау парактары) дайындау үшін ұміткерлер тізімі Персоналды басқару қызметіне жолданады. Құжаттардың үлгілері мен оларды толтыру және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградаттауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықта көзделген.

7. Министр қол қойған Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін марапаттауға ұсыну жөніндегі материалдар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолданады.

### **3-параграф. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ведомствоның наградаларымен көтермелеге ұсыну тәртібі**

8. Ведомствоның наградалармен марапаттау туралы ұсыным мемлекеттік, кәсіби, өзге де мерекелерді, мерейтойлық күндерді атап өту және еңбек сінірген жылдарына жетужағдайына қарай қаралады.

9. Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлері және басқа да адамдар қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны, шығармашылық белсенділігі, мінсіз қызметі, жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін еңбегін көтермелеге және ынталандыру мақсатында ведомствоның наградаларға ұсынылады.

"Еңбек ардагері" медалі, "Заң саласының үздігі" төс белгісі ведомствоның наградалар болып табылады.

10. "Еңбек ардагері" медалімен жалпы 40 жылдан астам, оның ішінде бір салада кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ еңбек қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген жұмыскерлер және зейнеткерлік жасқа жеткен (нақты салаға байланыстырмай) адамдар марапатталады;

"Заң саласының үздігі" төсбелгісімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің мемлекеттік органдардың заң қызметтерінде жалпы еңбек өтілі 5 жылдан кем емес, қызметі бойынша оң мінездемесі бар, өздеріне жүктелген міндеттерді адал және кәсіби орындастырылған қызметкерлері марапатталады.

11. Марапаттауға ұсыну үшін Персоналды басқару қызметі қазақ және орыс тілдерінде мынадай құжаттарды дайындауды және Министрлік жанынан құрылған ведомствоның наградалар жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына енгізеді:

1) үміткердің нақты сінірген еңбектері, жетістіктері мен табыстары, сінірген еңбегінің дәрежесі көрсетілген ведомствоның наградамен марапаттау туралы ұсыным;

2) осы Қағидаларға қосымшага сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі марапаттау парагы.

Марапаттау парагында үміткерді сипаттайтын деректер, оның жұмысының нәтижелері мен сапасы, экономика саласындағы еңбек жетістіктері, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысқаны, жалпы жұмыс өтілі, экономика саласындағы жұмыс өтілі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Марапаттау парагына Министрліктің жетекшілік ететін бірінші вице-министрі, вице-министрі, аппарат басшысы немесе құрылымдық бөлімшесінің, оның ведомствосы мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының басшысы қол қояды және ол мөрмен бекемделеді.

12. Комиссия хаттамамен ресімделетін мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ведомствоның наградалармен марапаттау туралы ұсыным мақұлдансын;

2) ведомствоның наградалармен марапаттау туралы ұсынымнан бас тарту;

3) ведомствоның наградалармен марапаттау туралы ұсыным материалдарды қосымша ресімдеу үшін қайтарылсын.

13. Комиссия шешімі қабылданғаннан кейін Персоналды басқару қызметі ведомствоның наградалармен марапаттауға ұсыну үшін қажетті құжаттарды ( ұсынымдар, марапаттау парақтары) дайындайды және аппарат басшысының қарауына ұсынады.

14. Аппарат басшысы үміткерлер тізімі Министрмен келісілгеннен кейін ведомствоның наградалармен марапаттау туралы бүйрыққа қол қояды.

15. Персоналды басқару қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкердің жеке ісі мен қызметтік тізіміне енгізе отырып, еңбек кітапшасына Қазақстан Республикасының ведомствоның наградаларымен марапатталғаны туралы жазады.

#### **4-параграф. Министрліктің құрмет грамотасымен, Министрдің алғыс хатымен көтермелегуге ұсыну тәртібі**

16. Министрліктің, оның ведомствосы мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлері және басқа да адамдар олардың экономика саласындағы ерекше сіңірген еңбегін тану, белсенді қоғамдық қызметінің белгісі ретінде, мінсіз мемлекеттік қызметі үшін Министрдің шешімі негізінде:

Министрліктің құрмет грамотасымен;

Министрдің алғыс хатымен көтермеленеді.

17. Қызметкерлерді Министрліктің құрмет грамотасымен және Министрдің алғыс хатымен марапаттау туралы ұсынымдар мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелерді атап өту, мерейтойлық күндер және жұмыскердің зейнеткерлік жасқа толуына байланысты құрметті демалысқа шығуы жағдайына орай қаралады.

18. Министрліктің құрмет грамотасымен марапаттау үшін:

елдің экономикалық әлеуетінің дамуына қосқан жеке үлесі;

мінсіз мемлекеттік қызметі, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін сақтауы;

ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындауды;

лауазымдық міндеттерін үлгілі атқаруы;

құзыреттілігі, адалдығы және жұмыстағы бастамашылдығы;

елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуы негізгі өлшемшарттар болып табылады.

19. Министрдің алғыс хатымен марапаттау үшін:

елдің экономикалық өсуі мен дамуына жәрдемдесу;

Министрліктегі, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты үйымдарындағы көп жылдық және жемісті жұмысы;

лауазымдық міндеттерін үлгілі атқаруы, мінсіз мемлекеттік қызметі және жұмыстағы басқа да жетістіктері;

Министрлік басшылығы тапсырған ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындауы негіз болып табылады.

20. Персоналды басқару қызметі Министрліктің құрылымдық бөлімшелері, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты үйымдары басшысының қолы қойылып және жетекшілік ететін бірінші вице-министрмен, вице-министрмен, аппарат басшысымен келісілген Министрліктің құрмет грамотасымен және Министрдің алғыс хатымен марапаттауға ұсынымдар сұратады.

Ұсынымда марапатталушының жеке басын сипаттайтын деректер, жалпы жұмыс өтілі, мемлекеттік қызмет өтілі, оның ішінде Министрліктегі, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты үйымдарындағы жұмыс өтілі, оның нақты сінірген еңбектері, жұмысының негізгі нәтижелері мен жетістіктері жазылып, қол жеткізілген табыстары қысқаша баяндалады.

21. Үміткерлер Министрмен келісілгеннен кейін тізім, көтермелеген туралы бұйрық жобасын дайындау үшін Персоналды басқару қызметіне жолданады.

22. Облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің ұсынымы бойынша экономика, өнірлердегі экономикалық көрсеткіштерді талдау мен мониторингілеу, табиғи монополияларды реттеу салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асырумен айналысатын, осы органдарда кемінде он жыл мінсіз қызмет атқарған жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік экономика комитетінің ардагерлерін Министрліктің құрмет грамотасымен, Министрдің алғыс хатымен көтермелеген болады.

**5-параграф. Біржолғы ақшалай сыйакымен және бағалы сыйлықпен көтермелеген ұсыну тәртібі**

23. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты үйымдарының ерекше маңызды тапсырмаларды, тапсырмаларды орындаған қызметкерлері нақты жұмыс нәтижелері, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды қысқа мерзімде сапалы орындағаны үшін,

сондай-ақ мерейтойлық құндерге және зейнеткерлік жасқа толуына байланысты құрметті демалысқа шығуына орай, 001 "Инвестициялар тарту, экономикалық саясатты дамыту, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу, Өнірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспары бойынша Министрлікті күтіп-ұстauғa көзделген тиісті бюджет қаражатын үнемдеу болған кезде Министрдің қаравы бойынша, Комиссияның қарауынсыз: біржолғы ақшалай сыйақымен; бағалы сыйлықпен көтермеленеді.

24. Заңның 35-бабының 1-тармағына сәйкес Министрліктің, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін нақты жұмыс нәтижелері, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды қысқа мерзімде сапалы орындағаны үшін біржолғы ақшалай сыйақымен және бағалы сыйлықпен марапаттау туралы ұсынымдар қаржылық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі және оған Министрліктің жетекшілік ететін бірінші вице-министрі, вице-министрі, аппарат басшысының немесе құрылымдық бөлімшесінің, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары бастамашылық жасайды және аппарат басшысының келісуі бойынша Министрдің қарауына енгізіледі.

25. Министр аппарат басшысының қызметтік жазбасын мақұлдаған жағдайда, Персоналды басқару қызметі Министрліктің, оның ведомствоны мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерін біржолғы ақшалай сыйақымен және (немесе) бағалы сыйлықпен көтермелеу туралы бұйрықтың жобасын әзірлейді.

#### **6-параграф. Ведомстволық наградалар жөніндегі комиссияның жұмыс тәртібі**

26. Комиссия "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына сәйкес Министрлік аппараты басшысының бұйрығымен ведомстволық наградалармен марапаттауға объективті көзқарасты қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде құрылады.

27. Комиссия құрамына Персоналды басқару қызметінің, Заң қызметінің, Қаржылық қамтамасыз ету қызметінің және Министрлік ведомствоның өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды.

28. Комиссия шешімді ведомстволық наградалармен марапаттау туралы ұсыныс енгізілген сэттен бастап бір ай ішінде ашық дауыс берумен алқалы түрде қабылдайды. Егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы дауыс санының көпшілігі

дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің мемлекеттік  
қызметшілерін көтермеледі  
колдану қағидаларына  
қосымша  
Нысан

### Награда парагы

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
(бұдан әрі - ТАӘ) \_\_\_\_\_
2. Лауазымы, жұмыс, қызметорны \_\_\_\_\_  
(кәсіпорын, мекеме, үйым, бөлімшесінің дәл атауы көрсетіледі)
3. Жынысы \_\_\_\_\_
4. Туған жылы мен туған жері \_\_\_\_\_
5. Ұлты \_\_\_\_\_
6. Білімі \_\_\_\_\_
7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_
8. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен марапатталған және марапатталу уақыты: \_\_\_\_\_
9. Үйінің мекенжайы: \_\_\_\_\_
10. Жалпы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_
11. Саладағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_
12. Осы еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_
13. Марапатталушиның нақты айрықша сінірген еңбегі көрсетілген мінездеме  
:  
\_\_\_\_\_

Кандидатураны \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның, мекеменің, үйымның атауы,

талқылау күні, хаттаманың №)  
Мына наградаға ұсынылады \_\_\_\_\_

(награданың түрі)  
Кәсіпорынның, мекеменің,

үйымның басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.) Мөрдің орны

жылғы "\_\_\_\_\_"

(толтыру күні)

Ескертпе: Марапатталушиның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) жеке басының қуәлігі бойынша толтырылып, қазақ және орыс тілдеріндегі транскрипциясы міндетті түрде көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК